



«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2016ж. 14 қазандағы
шешімімен бекітілді
№07/16 хаттама

КОРПОРАТИВТІК МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Экологиялық саясат

С 21-02-11

Астана 2016

Мазмұны

1. Мақсаты..... **Ошибка! Закладка не определена.**
2. Қолдану аясы **Ошибка! Закладка не определена.**
3. Анықтамалар және қысқартулар **Ошибка! Закладка не определена.**
4. Жауапкершілік..... **Ошибка! Закладка не определена.**
5. Нормативтік сілтемелер 5
6. Жалпы ережелер (ниет білдіру туралы мәлімдеме) 5
7. Ұйымдастыру..... 7
8. Іс-шаралар **Ошибка! Закладка не определена.**
9. Қорытынды ережелер 9

1. Мақсаты

1. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның осы Экологиялық саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамалық және қосымша заңнамалық актілеріне, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтитын халықаралық келісімдер мен стандарттарына, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі - Қоғам) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат компанияның тұрақты дамуының үш негізгі аспектісінің бірі ретінде Қоғамның қоршаған ортаны қорғау саласындағы Ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру құралы болып табылады.

3. Осы Саясаттың мақсаты биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді мейлінше азайту арқылы өндірістің, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдаланудың, экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолданудың, экологиялық лайықты өнім өндірудің, қалдықтарды мейлінше азайтудың, қайта өңдеу мен жоюдың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

2. Қолдану аясы

4. Саясат Қоғамға және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден астам пайызы Қоғамға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен тиесілі ұйымдарға (бұдан әрі – еншілес және тәуелді ұйымдар) қолданылады.

5. Қоғамның меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) тиістілігі елу және одан кем пайызын құрайтын еншілес және тәуелді ұйымдары (бұдан әрі - ЕТҰ) үшін аталған Саясат басқа акционердің (қатысушының) келісімі бойынша бекітілуге ұсынылады.

3. Анықтамалар және қысқартулар

6. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;
- 2) Қоғам – «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы;
- 3) ЕТҰ – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары;
- 4) Қоғамның компаниялар тобы – «Самұрық-Энерго» АҚ және оның ЕТҰ;
- 5) НКК – негізгі қызмет көрсеткіштері;
- 6) ҚОҚ – қоршаған ортаны қорғау;
- 7) ҚБ – Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;
- 8) ЕЖҚОҚҚБ – Қоғамның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

мәселелерін қадағалайтын құрылымдық бөлімшесі;

- 9) ҚОҚҚ – қоршаған ортаны қорғау қызметі;
- 10) КҚҚ – күл-қож қалдықтары.

4. Жауапкершілік

7. ҚОҚ мәселелерін қадағалайтын басшы осы Саясатты ендіруге, оның талаптарының орындалуын басқаруға, мониторинг жүргізуге және бақылау жасауға жауапты.

8. Өндіріс және активтерді басқару мәселелерін қадағалайтын басшы осы Саясатта көзделген шаралардың іске асырылуына жауапты.

9. ЕЖҚОҚҚБ басшысы осы Саясатта көзделген шаралардың орындалуына, ұйымдастырылуы мен бақылауына жауапты.

10. ЕЖҚОҚҚБ қызметкерлері Саясатты өзекті күйде ұстап тұруға жауапты.

11. Қоғамның ҚБ басшылары Қоғамның ҚБ қызметкерлерінің осы Саясатпен танысуына жауапты.

12. Қоғамның ҚБ қызметкерлері осы Саясат талаптарының сақталуына жауапты.

5. Нормативтік сілтемелер

13. Осы Саясат Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі;
- 3) Қоғамның Ұзақ мерзімді даму стратегиясы;
- 4) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі;
- 5) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттамасын басқару қағидасы;
- 6) ИСО 14001 халықаралық стандарты;
- 7) Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы;
- 8) Қазақстан Республикасының Отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы.

6. Жалпы ережелер (ниет білдіру туралы мәлімдеме)

14. Атмосферада парниктік газдардың шоғырлануының өсуіне байланысты ауа райының өзгеруі негізгі климаттық қауіптердің бірі болып танылады. Энергияға көшу стратегиясын тиімді әзірлеу, яғни ең тиімді, экологиялық тұрғыдан жақын технологияларды пайдалану мәселелері Қазақстан Республикасы үшін жүйелік тапсырма болып табылады.

15. Қоғам – халықаралық энергия теңгеріміне ойдағыдай біріктірілген көп салалық энергетикалық холдинг ретінде экологиялық жағдайдың маңыздылығын және кәсіпорындардың өндірістік қызметінің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсері үшін қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін сезінеді.

16. Қоғам адамның қолайлы қоршаған ортаға қатысты конституциялық құқығын мойындайды.

17. Қоғам экономикалық өсімінің теңдестірілген және әлеуметтік тұрғыдан лайықты үйлесімін және болашақ ұрпақ үшін қолайлы қоршаған ортаның сақталуын білдіретін орнықты дамудың қағидаттарына берілгендігі туралы мәлімдейді. Қоғам тек ЖЭК саласында ғана емес, «таза көмір» саласында да жоспарлы энергияға көшуді қамтамасыз етуде Қазақстанның көшбасшысы болуға ниет білдіруі туралы мәлімдейді. ҚР-ның «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес, Қоғам «таза» көмір технологияларын пайдаланудағы және ЖЭК-өндірісін өндіру, сақтау, басқару мен оны Қазақстан Республикасының жалпы энергия жүйесіне біріктіру бөлігінде заманауи әзірлемелерді қолданудағы құзыреттерді жетілдіруге ниет білдірді.

18. Қоғам Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартта бекітілген орнықты даму қағидаттарын ұстанады, бірақ онымен шектелмейді.

19. Қоғам экологиялық басымдықтарды есере отырып, даму сценарийлерінің көп нұсқалылығы негізінде басқарушылық және инвестициялық шешімдерді қалыптастырады.

20. Қоғам Саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде мыналарды белгілейді:

1) ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздіктің басымдығы;

2) Қазақстан Республикасының өңірлерінде электр энергетикасын дамыту кезінде қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік;

3) экологиялық теріс ықпалды жою жөніндегі алдын ала шаралардың басымдығы;

4) қолданыстағы жабдықтың жұмысынан экологиялық зақымды мейілінше азайту жөніндегі шараларымен салыстырғанда қолда бар ең үздік технологияларды ендіру басымдығы.

21. Саясаттың басымдықтарын жүзеге асыру үшін Қоғам мыналарды қамтамасыз етуге ниет білдіреді:

1) экологиялық ақпараттың ашықтығы мен қол жетімділігі, барлық авариялар, олардың экологиялық салдарлары мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы барлық мүдделі тараптарды кідіріссіз ақпараттандыру;

2) баламалы нұсқаларды қарастырып және экологиялық-экономикалық тұрғыдан оңтайлы жобаларды таңдай отырып, кез келген болжамалы шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау;

3) өндірістік үдерістердің және өнімнің климатқа, атмосфераға, суға және топыраққа тигізетін теріс ықпалын үдемелі түрде азайту үшін жағдай туғызу, экономикалық әлеуетті, жұмыс орындарды және персоналдың әлеуметтік

қорғалуын сақтау мүддесін көздей отырып, Қоғам ЕТҰ-ның ықпал ету аумағында тұратын персонал мен тұрғындардың денсаулығын нығайту;

4) экологиялық және экономикалық тұрғыдан үздік технологияларды іздеу және ендіру, өндірістік үдерістерді оңтайландыру, әлеуетті апаттық жағдайларды анықтау мен болдырмау арқылы қоршаған ортаға ықпалын азайту;

5) инвестициялық жобалардың барлық кезеңдерінде қоршаған ортаға, соның ішінде тым осал табиғи объектілерге және қорғалуы мен сақталуы ерекше маңызды объектілерге тигізетін теріс әсерінің тәуекелдерін мейілінше азайту;

6) энергия ресурстарын пайдалануды және шығарылатын өнімнің бірлігіне эмиссия көлемдерін қысқарту;

7) жоғары экологиялық тәуекелдерді сақтандыру;

8) персоналдың экологиялық зерделілік пен ақпараттылық деңгейін күшейтуге ықпал ететін бағдарламалар бойынша оқыту;

9) экологиялық таза және экономикалық тиімді технологияларды пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастық, сондай-ақ энергетикалық объектілердің экологияға және климаттың өзгеруіне ықпал ететін зерттеулеріне көмек көрсету.

22. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасына, сондай-ақ экология саласындағы халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асыруға міндеттенеді.

23. Қоғам ажыратылмас шарт ретінде Қоғам ЕТҰ-ның объектілерінде жұмыс істейтін мердігерлерінің Қазақстан Республикасында қабылданатын экологиялық қауіпсіздік саласындағы стандарттар мен нормаларының сақталуын ұсынады.

24. Қоғам үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарымен, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында тиімді жұмыс істейтін ғылыми және білім беру мекемелерімен табысты ынтымақтастықты қолдауға ниет білдіреді.

7. Ұйымдастыру

25. Қоғамда ҚОҚ саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін жауапты құрылымдық бөлімше құрылды. Жауапты құрылымдық бөлімше өз функцияларын Құрылымдық бөлімше туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Жауапты құрылымдық бөлімшенің нәтижелілігі Қоғамның уәждеу жүйесімен анықталады (НҚК және мақсаттар картасы).

26. ҚОҚ саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін ЕТҰ бірінші басшысы ұйымдастырылған экологиялық менеджмент жүйесін құрады, ол функциялар мен міндеттердің нақты бөлінуін, сондай-ақ өкілеттіктерді беру мен қызметтік өзара қарым-қатынастардың тиімділігін көздейді.

27. Қоғамның ЕТҰ-ларында ҚОҚ талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында (өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде) ҚОҚҚ құрылады.

28. Қоғамның ЕТҰ-ларында ҚОҚ саласында тиімді және нәтижелі менеджмент жүйесін құруға экология саласындағы халықаралық стандарттарда көрсетілген талаптарды орындау негіз болып табылады.

29. Экологиялық менеджмент жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқарудың аса маңызды бөлігі болып табылады.

30. Экологиялық менеджмент жүйесі:

1) жұмыс істеп жатқан электр энергетикалық кәсіпорындарда үнемі экологиялық аудит жүргізіп тұруды;

2) өнеркәсіптік және экологиялық тәуекелдерді бағалау, оларды азайту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру, олармен байланысты шығындарды өтеуді;

3) экологиялық салдарларға алып келетін апатты жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі шараларды қабылдауды;

4) мақсатты экологиялық көрсеткіштерді есепке ала отырып, шаруашылық қызметті жоспарлауды, олардың жетістіктерін бағалауды және бақылауды;

5) өндірістің өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігіне жауапты энергетикалық объектілерге қызмет көрсететін қызметкердің біліктілігін арттыру;

6) экологиялық мониторинг жүргізуді, экологиялық есептілікті қалыптастыруды;

7) қажеттілігіне қарай Қоғамның қоршаған ортаны қорғау саласындағы нұсқаулықтарын, бағдарламаларын, саясатын қайта қарауды, түзету және жетілдіруді көздейді.

8. Іс-шаралар

31. Қоғамның Жалғыз акционері «Экологиялық әсер» НҚК белгіледі. Аталған НҚК негізгі ластаушы заттектер шығарындыларының өндірілген өнім бірлігіне шаққандағы үлестік көрсеткішін білдіреді (г/кВтс). Бұл мақсаттарда жыл ішінде ЕТҰ жұмысының көрсеткіштеріне жүйелі мониторинг жүргізіліп тұрады, соның негізінде қажетті іс-шараларға талдау жасалып, жоспарланады. Қоғамның трансформациялау тобы ЕТҰ технологиялық үдерістерінің негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу үдерістерін автоматтандыру жобасын әзірлеуде.

32. Қоғам ҚОҚ саласында мынадай іс-шаралар өткізуді қарастырады:

1) экологиялық стандарттар жүйесін (қағидаларды, бағдарламаларды, саясаттарды, рәсімдерді) жетілдіру;

2) ескірген жабдықтарды технологиялық тұрғыдан қайта жарақтандыру және оларды бірте-бірте қолданудан шығару, электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және тарату кезінде прогрессивті технологияларды ендіру;

3) реактивті қуатты өтеу құрылғыларын ендіру арқылы желілерде энергия үнемдеу және электр энергиясының шығындарын азайтуға қатысты іс-шараларды жүзеге асыру;

4) отын-энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

5) бастапқы энергетикалық ресурстарды әртараптандыру;

6) жаңартылатын энергия көздерін дамыту;

7) ЖЭО-да энергетикалық көмірді жағудың жаңа технологияларын, түтінді газдарды күкіртпен- және азотпен тазалау әдістерін ендіру;

8) шартты отынның (кг/т. ш.о.) тоннасына немесе шығарылатын өнімнің бірлігіне (кВтс, Гкал) шаққанда ластаушы заттектер мен парниктік газдардың үлестік шығарындылары мен төгінділерін азайту;

9) өндіріс қалдықтарының түзілуін азайту және олармен қауіпсіз жұмыс жасауды қамтамасыз ету. КҚҚ-ны пайдалануды ұлғайту;

10) жылу және гидравликалық электр станцияларының су ресурстарын тиімді пайдалануы;

11) гидравликалық электр станцияларын пайдалану кезінде су объектілерінің ластануын болдырмау және биологиялық ресурстарды сақтау;

12) Қоғам ЕТҰ-ларының өндірістік объектілері жұмыстарының жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне зиянды әсерін мейлінше азайту;

33. ЕТҰ-лардың қоршаған ортаға зиянды әсерін мейлінше азайтатын шарттар мен тетіктерді құру жөніндегі негізгі іс-шараларға мыналар жатады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалар мен басқа да талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету;

2) техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеуге қатысу;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамаларды жетілдіруге белсене қатысу;

4) барлық ЕТҰ-ларды экологиялық менеджмент жүйесі бойынша (ISO 14001) сертифициаттау;

5) халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелердің талаптарына негізделген корпоративтік экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіру және қолдау көрсету.

9. Қорытынды ережелер

34. Осы Саясатты іске асыру мүмкіндік береді:

1) қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайтуға;

2) сыртқы және ішкі нарықтардағы өндірілетін электр энергиясының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;

3) Қоғамның ЕТҰ-ларын капиталдандыруды және олардың инвестициялық тартымдылығын арттыру;

4) Қоғамның әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру.



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Экологиялық саясаты

С 21-02-11

2-редакция

10 беттің 10-ші парағы

35. Осы Саясат Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

36. Қоғамның ЕТҰ Директорлар кеңесіндегі/Байқаушы кеңестеріндегі өкілдері осы Саясат негізінде өздерінің Экологиялық саясаттарын бекітуді қамтамасыз етсін.